

## Жерлерді аймақтарға бөлудің облыстық схемасын бекіту және 2002 жылы жерге салынатын негізгі салық ставкаларын түзету туралы

### *Күшін жойған*

II шақырылған Шығыс Қазақстан облысы мәслихатының XII сессиясының шешімі 2001 жылғы 21 желтоқсандағы N 12/12-II. Шығыс Қазақстан облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 24 қаңтарда N 653 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы мәслихатының 2011 жылғы 20 мамырдағы N 170/01-06 хаты)

**Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы мәслихатының 2011.05.20 N 170/01-06 хаты).**

Жерлерді тиімді пайдалану, топырақтың құнарлылығын арттыру және жер ресурстарын қорғау жөніндегі 2000 жылғы 2 тамыздағы облыс әкімінің N 888 шешімімен бекітілген жерді иелену құқығын қамтамасыз етудің аймақтық Бағдарламасымен қалалар мен аудандар әкімдеріне, жер ресурстары жөніндегі облыстық комитетке жер заңнамасына сәйкес 2000-2002 жылдарға дейінгі мерзімде жерлерді аймақтарға бөлу жобаларын (схемаларын) әзірлеу және бекіту тапсырылған. Санаттар бойынша жерлерді аймақтарға бөлудің бірінші кезеңі аяқталды.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148\_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 15 тармағына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" K010209\_ Қазақстан Республикасы Кодексінің 338 бабының 1 тармағына және "Жер туралы" Z010152\_ Заңның 7 бабының 3-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ қабылдады:

1. Облыс жерлерін аймақтарға бөлудің Схемасы қосымшаға сәйкес негізгі көрсеткіштермен бекітілсін.

2. Қалалар мен аудандардағы жерлерді аймақтарға бөлу жобаларын (схемаларын) орындауды аяқтағанға дейін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" K010209\_ Қазақстан Республикасы Кодексінің 332,334 баптарында көзделген негізгі ставкаларға 2002 жылға арналған мынадай арттыратын түзету коэффициенттері белгіленсін:

- облысқа бағынатын қалалардағы (Өскемен, Лениногор, Курчатов, Семей, Аякөз, Зырян қалалары) елді мекендер жерлеріне - 30 пайызға;
- қалған елді мекендер жерлеріне -20 пайызға;

- елді мекендер шегінен тысқары орналасқан өнеркәсіп жерлеріне - 30 п а й ы з ғ а .

Елді мекендер шегінде, бірақ қоныстану аумағы шектерінен тысқары орналасқан өнеркәсіп жерлеріне (335 баптың 2 тармағы) негізгі ставкалар 10 п а й ы з ғ а к е м і т і л с і н .

Жерлердің қалған санаттарына (329,330,331) жергілікті өкілетті органдармен 2001 жылға арналып бұрын қабылданған коэффициенттер қолданылсын.

3. Жергілікті өкілетті органдарға, қалалар мен аудандардың әкімдеріне 2002 жылға арналған жергілікті бюджеттерде жерлерді аймақтарға бөлу жобаларын (схемаларын) орындау үшін қаражаттар көздеу ұсынылсын. Қала құрылысын салу , экологиялық және басқа нормативтерді ескере отырып қалалар мен аудандарда жерлерді аймақтарға бөлу жобаларының (схемаларының) екінші кезеңін жүргізу жөніндегі жұмыстарды 2002 жылғы 1 желтоқсанға дейін аяқтасын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау бюджет, экономикалық реформалар және аймақтық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға ж ү к т е л с і н .

5. Шешім Шығыс Қазақстан облыстық әділет басқармасында тіркелгеннен кейін заңды күшіне енеді.

*Сессия төрағасы*

*Ш ы ғ ы с                      Қ а з а қ с т а н                      о б л ы с т ы қ*  
*мәслихатының хатшысы*

Шығыс                      Қазақстан                      облыстық                      мәслихатының  
2001 жылғы 21 желтоқсандағы  
12/12-II шешіміне қосымша

### **Шығыс Қазақстан облысы жерін аймақтарға бөлу схемасының негізгі көрсеткіштері**

(мың.га)

N P/c	Жер санаты	Жер қорының бөлінуі			Жалпы
		Бүгінгі жердің барлығы	Келешекте жердің алқаптары	көлемін а/ш өзгерту алқаптары	
1	А/ш мақсатындағы жер	4546.5	4292.5	12540.8	12486.6 +7994.3
2	Елді мекендердің жері	2885.9	2702.8	2889.6	2706.5 +3.7
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері	205.7	85.9	190.7	86.0 -15

және а/ш арналмаған өзге де жер						
4 Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері	140.5	26.6	1213.4	225.3	+1072.9	
5 Орман қорының жері	3376.7	531.7	2846.7	484.5	-530.0	
6 Су қорының жері	553.1	21.1	774.6	21.1	+221.5	
7 Босалқы жер	16640.7	15018.0	7866.8	6642.1	-8747.4	
8 Жер жиыны:	28349.1	22678.6	28322.6	22652.1		
Облыс жерінен шеткері жерлерді пайдалану Облыс аумағы	26.5	26.5	-	-	-	
	28322.6	22652.1	28322.6	22652.1	-	

---